

1. Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке. – Алматы: Ғылым, 1973 – 328 с.
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінгі күнге дейін) Т.3. Алматы – 2010. 395-б.
3. Әбжан Ғ.М., Әбілханова Г.А. Қазақстанның салт-дәстүрлері – Алматы-2012. Б.49.
4. Қасқабасов С. Нарық және мәдениет // Ой-сана. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. –185 б.
5. Катран, Д. Қазақтардың той дәстүрлері: өткені мен бүгіні. Алматы-2012. Б.67.
6. Кенжеахметұлы, С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті – Алматыкітап, 2006. Б.96 б.
7. Той бастар // Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алма-Ата: 2005. — С. 587. - 656 с.

БЕСШАТЫР ҚОРЫМЫ - САҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЖЕТІСТІГІ

Орал С.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ж.А. Карсыбаева
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
sanzharoral6@gmail.com
Қарағанды қ.

Б. э. б. I мыңжылдықта Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан - болжамдардың бірі бойынша тиграхауда-сақтарға баланатын сақ тайпаларының үлкен тобы қоныстанған Орта Азия мен Қазақстанның этно-мәдени сақ қауымының өзіндік жарқын мәдениетінің ірі ошағы саналды. Сақ өркениеті - Орталық және Алдыңғы Азияның мәдениеті мен өнері жетістіктерінің бірегей синтезі.

Жетісудағы сақ мәдениеті екі кезеңді: ерте кезеңі (б.з.д. 8-6 ғғ.) және кейінгі кезең (б.з.д. 5-3 ғғ.). Соңғы кезеңдегі патша обасына Бесшатыр қорымы мен Есік обасы жатады. Бесшатыр қорымы Іле өзенінің оң жағалауындағы Шылбыр деген жерде, ол 31 обадан тұрады. Қорымның барша обалары екі топқа бөлінеді, үлкен обалар - диаметрі 45 м-105 м-ге дейін. Биіктігі 6-18 м. Салынған уақыты б.з.д. 5 ғ.

Б.э.б. V ғасырға жататын Бесшатыр қорымының сақ «пирамидаларынан» бөренелерден тұрғызылған ірі жерлеу құрылыстары тамаша сақталған күйінде табылды, олар Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы жер бетіне ағаштан салынған ең ежелгі сәулет еңерінің бірегей ескерткіштері.

Бесшатыр қорымы Іле өзенінің оң жағасында, Шылбыр қойнауында орналасқан. Ол 31 обадан тұрады, олардың 21-і таспен, ал 10-ы қиыршық тас және топырақ үйінділерімен жабылған. Үйінділердің көлеміне қарай қорым обалары үлкен, орташа және кіші обалар болып бөлінеді. Үлкен обалардың диаметрі 45 метрден 105 метрге, олардың биіктігі 6 метрден 18 метрге дейін жетіп ауытқып отырады; орташаларында тиісінше - 25-38 м және 5-6 м; кішілерінде - 6-18 м және 0,8-2 м [1, 127 б.].

Сірек кездесетіндері болмаса, қазылған обалар бұрындары тоналып кеткен болып шықты. Дегенмен де Бесшатыр обалары мерзімін белгілеуге болатын тамаша материал (қанжарлар, жебелердің ұштары) ғана емес, сонымен қатар қабір үстіне орнатылған іргелі құрылымдардың ерекше бағалы, жаңа үлгілерін де берді. Диаметрі 104 м, биіктігі 17 м Үлкен Бесшатыр обасы ерекше. Үйінді төбесі қиық конус тәрізді, жалпақ төбесінің диаметрі 32 м. Обаның тас жамылғысы табаны жағалай тығыз етіп бірнеше қабат төселген, бул - орасан зор үйінді орнатқан Шоқол секілді болып кәрінеді. Үйіндінің солтүстік және оңтүстік жақтарында төменге қарай түсетін ордың (ені 2 м) ізі байқалады. Үйіндінің айналасынан 5-7 метр қашықтықтан тас дуал өтеді (ені 2 м және сақталып қалған биіктігі 50-60 см). Үйіндімен қатар бір басы көмілген ірі тас бағандардан (менгирлерден) және үлкен қой тастардан қоршау түрінде тұрғызылған дөңгелек құрылыстар салынған. Үлкен обаның айналасында барлығы 94 қоршау бар. Кейбір тік тұрған тас бағандарға қазақ ру-тайпаларының таңбалары қашап салынған. Обаның солтүстік-шығыс жағында тағы да осындай жеті қоршау бар, олар оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай созылып жатыр. Олардың жанынан қыш ыдыстардың көптеген сынықтары табылды, қыш қазандардың тұтқалары кездеседі: Қазылған қоршаулардың кепшілігінде тайыз жерден құлыс дақтары табылды, екеуінен сүйек қалдықтары, керамиканың сынықтары мен моншақтар шықты. Сірә, қоршаулар табыну мақсатына арналып, отқа табынуға және құрбан шалу ғұрпына байланысты болуы ықтимал.

Бесшатырда үш үлкен оба: Бірінші, Үшінші және Алтыншы Бесшатыр обалары, орташа үш оба мен барлық усақ обалар қазылды. Бірінші Бесшатыр обасының диаметрі 52 м, биіктігі 7,6 м, оңтүстік жағынан - 8,93 м, Оба таспен жабылған. Үйіндінің түп жағына тас неғұрлым тығыз қаланған, обаның төбесі жалпақ. Үйінді үш қабат. Ең үлкені - екінші қабаты, ол қалыңдығы 8,5 метрден 13 метрге дейін жететін топырақпен қиыршақ тастан тұрады. Төменгі қабатының астында Тянь-Шань шыршасының өңделген тұтас бөренелерінен салынған үлкен ағаш құрылыс табылды. Сағана үйілген топырақ астына жерленген адамның үстіне тұрғызылған қорған бар, бұл түгелдей жер бетіндегі құрылыс [2, 28 б.].

Бесшатыр сағанасы сол кезде ағаштан салынған күрделі құрылыс болып табылады, ол бірнеше бөліктен тұрады, олар: дәліз (дромос), қабірдің алдыңғы кірер аузы және жерлеу бөлмесі. Сағананың барлық бөренелері жақсы өңделген: бұтақтары мен бұдырлары тегістеліп шабылып, қабығы аршылған. Бөлменің қабырғасын құрайтын бөренелер мұқият тегістеліп, бір-біріне тығыз қиюластырылған; бүкіл құрылысты мейлінше тұрақты ету үшін бөренелердің жуан жұмыр басы қарама-қарсы айкастырып салынған. Бұрыштарында бөренелер бір-

біріне тек түйісіп қана тұрады және өзара бекітілмеген, сондықтан Бесшатыр құрылысы дағдылы түсініктегі кима емес.

Бөренелерде қашау мен пышақ іздері жақсы сақталған - олардың екі шеті мен ортасында керткі бар. Жерлеу бөлмесінің бөренелерден тұратын жалпақ төбесі шиден есілген арқандармен буылған қамыс төсеніш қабатымен жабылған. Сірә, жерлеу ғұрпынан кейін бөлмеге апаратын есікке ірі тастар қаланып, дәліз бөлігі қиыршақ, тас араластырған кесек тастармен төбесіне дейін бекітіліп тасталған болуы ықтимал. Осыдан кейін ғана жерлеу құрылысының үстіне тас пен қиыршақ тас аралас зор үйінді үйілген. Үлкен обалар тобының ең оңтүстігіндегі Алтыншы обадағы құрылыс та осындай. Оның үйіндісі таспен жабылған. Обаның диаметрі - 52м, биіктігі - 8 м. Үйіндінің астында, ертедегі жер беті деңгейінен шамамен 2м. тереңдікте жерасты жолдарының жүйесі болған. Олар жерден қазылған және орталық бағыттағы есік пен бүйірдегі тарамдардан тұрады, негізгі жолдан түрлі бағыттарға бүйірге қарай жеті тармақ кетеді, олардың батыс жағы екеуі жарым-жартылай топырақпен, ал солтүстік-шығыс жақтағы біреуі ірі тастармен толтырылған. Жолдардың күмбезі жарты шеңбер тәрізді, жерасты жолдарының биіктігі 1,1 метрден 1,68 метрге дейін, ені 75-80 см. Қабырғалардың көптеген жерлерінде кішкене ойықтар жасалған, олардың айналасындағы ыс іздері оларда жер астында жұмыс істеген жер қазушыларға жарық беретін май шырағандар тұрғанын дәлелдейді, бүйірдегі тарамдардан жануарлардың сүйектері - құрбандық шалудың қалдығы табылды. Бүйірдегі тармақтарымен қоса алғанда негізгі жолдың жалпы ұзындығы - 55 м [2, 30 б.].

Бесшатыр – көшпелі сақ ақсүйектерінің қасиетті қорымы, б. з. д. I мыңжылдықтың орта кезінде ірі тайпалар мен тайпа одақтарының патшалары мен көсемдерінің жерленген орны. Шөлейтті жерде орналасқан қорым өзінің асқақтығы мен жерлеу құрылыстарының зәулім бейнесін, өз дәуірінің тарихи көрінісін сақтап қалған, ол әлі күнге дейін бірегей мәдениеттің сыры ашылмаған жұмбақтары мен құпияларына толы.

Сақтар б.з.д. VIII–III ғасырларда ұлан-байтақ далада – Қазақстан, Орта Азия, Шығыс Түркістан және Солтүстік Ауғанстан аумағында тұрған. Олардың қоныстану аралы тайпа көсемдері қабірлерінің үстінен салынған қорғандардан тұратын үлкен қорымдармен белгіленген. Бесшатыр – Солтүстік-Шығыс Жетісу өлкесіндегі сақ тайпаларының этномәдени және сакральды орталықтарының бірі. Алматы облысының Кербұлақ ауданында, Іле өзінінің оң жақ жағалауында, Шенгелді ауылынан шығысқа қарай 65 шақырым жерде Алтынемел табиғат қорығының аумағында орналасқан. 1957 жылы К. Ақышевтың басшылығымен Жетісу археологиялық экспедициясы қорғандарды зерттеуге кіріскен болатын. Бесшатыр қорымы 2 шаршы шақырым ауданды алып жатыр, ол солтүстіктен оңтүстікке қарай 2 шақырымға, батыстан шығысқа қарай – 1 шақырымға созылған. Бастапқыда 31 қорғаннан тұрған. 1957, 1959–1961 жылдары Жетісу және Іле археологиялық экспедициялары жалпы алғанда 18 қорғанды қазып шығарды [3, 329 б.]. Қорымдағы ең ірі жерлеу құрылысы – Үлкен Бесшатыр қорғанының – диаметрі 104 м, ал биіктігі 15-17 м. Қорғанның өзіндік ерекшелігі – үлкен тас бағаналардан (менгірлерден) және алып қойтастардан жасалған дөңгелек қоршаулардың (кромлехтердің) қос шеңбері. Қазіргі уақытта сақталған қоршаулар тас үймектен 36 метрден 70 метрге дейінгі қашықтықта спираль тәріздес иірім түрінде үйінді айналасына орналасқан. Өз патшаларының қабірлерін сақтар қасиетті деп санап, арамдаудан және тонаудан қорғаған. Бесшатыр қорғандары орналасқан аймақ ғасырлар бойы қасиетті деп саналған. Бұл жерге көшпелілер зиярат етуге келіп, құрбандық шалып, діни ғұрыптарды орындап, ас берген және күнтізбе мерекелерін өткізген. Қорғандар – осындай салттар орындалатын және өлілердің құрметіне ас берілетін кешеннің орталық бөлігі. Үлкен қорғандардың әрқайсысы жер үсті және жер асты құрылыстарынан тұратын маңғаз сәулет ансамблін құрайды: үйінді, қорған асты құрылысы – бөренелерден салынған мола, жер асты жолдары – катакомбалар, менгірлер, қоршаулар, тас үйінділері. Құрылымның жер бетіндегі негізгі бөлігі – ірі және ұсақ тастардың және т.б. бірнеше қабатынан тұратын үлкен үйінді. Үйіндінің астында үлкен тянь-шань шыршаларынан салынған мола орналасқан. Үйінді қорғандардың ішінде құрғақ микроклиматты құрып, моладағы ағаш құрылыстардың сақталуына септігін тигізген, бұл археологтарға Бірінші қорғанның бөренелі қабірін мұқият зерттеп, суретін салу, фотоға түсіру, тіпті макетін жасау мүмкіндігін берді. Бесшатырдың басты құпияларының бірі – оның жер асты жолдары. Мұндай жолдар төрт ірі қорғаннан табылған. Үйінділердің еңсінде шағын жазық дөңестермен аяқталатын ойықтар табылған. Зерттеу барысында бұл ойықтар – бұрынғы жер асты катакомбаларының кіресберістері екендігі анықталды. Мұндай жерасты жолдарын сақтар, бәлкім, тағы бір марқұмды молаға кіргізу үшін, салынып қойған қорған үйіндісінің астынан қазған. Сақ катакомбаларын қолданудың басқа бір түрі туралы кейінгі грек жазушысы Эллиан қызықты мәлімет қалдырған. Ол сақтардың «үйлену» салтын сипаттап, осы салт бойынша бозбала бойжеткенді жекпе-жекте жеңген жағдайда ғана оған үйлене алатындығы туралы баяндайды. Сонымен қоса, «мұндай жекпе-жек үшін сақтар жер асты ғибадатханаларына түскен», бәлкім, Жетісу қорғандарынан табылған жер асты құрылыстары да осы мақсатта қолданылған болар. Осылайша, өлімді салттық тамырын ерекше жерден, екі дүниенің түйіскен шегінен алатын жаңа өмірдің бастауы ретінде қарастырған ежелгі сақ мифінің тағы бір дәлелі табылды. Үлкен қорғанның құрылыс жоспарына тоқталмай кетуге болмайды. К. Ақышевтың тұжырымдауы бойынша, Үлкен қорғанның айналасында шеңбер бойына 94 менгірлік құрылымның орналасуы көшпелі ауыл тұрағының жоспарына сәйкес келеді. Расында, көшпелілер үшін ерте заманда уақытша қоныстың өзіне тән ерекше түрі ретінде шеңбер қолданылған, түнге қарай көшпелілер оның ішіне малын, арбалары мен шаруашылық заттарын орналастырған, ал шеңбер ортасында тайпа басшының үйі (сарайы, шатыры) құрылған. Шеңбер ішіндегі кеңістік игерілген деп саналып, шеңбердің өзі ішкі дүние мен сыртқы дүниенің шекарасы қызметін атқарған.

Көшпелі өмір салтының көп ғасырлық тәжірибесінде шеңберлік құрылымның жау шапқан кездегі ең жақсы қорғаныс тәсілі болатындығы дәлелденген. Ал көшпелі халықтардың тарихы жаугершілік заман беттеріне толы болғандықтан, әскери тұрақ пен бейбіт қоныстың арасында ешбір айырмашылық болмаған. Еуразия далаларының көптеген көшпелі халықтарында көшпелі қоныс және әскери сап түзу тәсілі ретіндегі шеңбер ежелгі дәуірден кездеседі. Бесшатыр қорымының құрылымына қарағанда, осындай құрылыс жоспарын сақ тайпалары да қолданған [4, 126 б.].

Өкінішке орай, қорғандар, тек сирек саны болмаса, ежелгі дәуірдің өзінде тоналып қойған. Дегенмен, негізгі бұйымдарының жоғалғанына қарамастан, қорғандар тек тарихи кезенді анықтаудың тамаша мәлеметтерін бергенімен қатар, Жетісу өңіріндегі сақ тайпаларының мәдениеті, құрылыс техникасының деңгейі, ағаш өңдеу тәсілдері мен құрал-саймандары жайлы жаңа жорамал жасау мүмкіндігін берген бұған дейін белгісіз болған монументтік жерлеу құрылыстарының жаңа түрлерін ұсынды. Үлкен Бесшатыр қорғанын қазған кезде ағаш көмірдің ұсақ бөлшектері кездесетін күл дақтары табылды. К. Ақышевтың тұжырымы бойынша, бастапқыда қорғанның айналасында жүзге жуық алау жағылған [4, 57 б.]. От қасиетті қорғанға жақындаған адамдарды тазалаған. Кейіннен тазарту алауларының орындарына үлкен қойтастар мен алып менгірлерден жасалған дөңгелек қоршаулар орнатылған, ал қорғанның айналасындағы қоршаулар тізбегі ұлы көсемнің сүйегін арамдауға жол бермейтін, ешкімнің аттап өтуге дәті бармайтын жабық аймақты белгілеген.

Бесшатыр қорғандарының ауқымдылығы, оның күрделі құрылымы мен салыну жоспары, бірегей құрылыс техникасы Бесшатырды көшпелі Еуразия элитасының орасан ескерткіштерімен бір қатарға қояды. Қазба жұмыстары кезінде алынған мәліметтер Бесшатыр қорымындағы үлкен қорғандарының бірін қалпына келтіріп, музеефикациялау мүмкіндігін береді. Ескерткішті кешенді зерттеу сақ тайпаларының рухани мәдениетінің, салты мен әдет-ғұрыптарының ерекшеліктерін толығымен қалпына келтіріп, жеке деректерді жүйеге салып, рухани мәдениет генезисінде Жетісу аумағында ежелгі дәуірден қоныстанған ұрпақтар тізбегіндегі бесшатырлықтардың алатын орны мен маңызын анықтау мүмкіндігін берер еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Археологическая карта Казахстана /отв. редактор К.А. Акишев. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, –1960. – 486 с.
2. Жолдасбайұлы С. Жетісу тарихы (XVI-XVIII ғғ.) (Тарихи және палеоэтнологиялық зерттеу). – Алматы: «Қазақ университеті», 1996. – 299 б.
3. Төлеубаев Ә.Т. Шілікті жазығы – сақтардың алғашқы мемлекетінің орталығы // Қазақ тарихы. – 2004. – 326-334 - бб.
4. Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. - Алма-Ата, 1963. - 320 с.

АБЛАЙКИТ БУДДА ҒИБАДАТХАНАСЫНЫҢ КЕШЕНІ

Өмірбек А.А.

Ғылыми жетекшісі: PhD доктор Есен С. Ғ.

Астана халықаралық университеті

Omir.aium@gmail.com

Астана қ.

Бұл мақалада Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданында орналасқан Аблайкит будда ғибадатханасының кешенді археологиялық ескерткіші жайлы белгілі ақпарат пен оның Қазақстан және жалпы Орталық Азия аймағындағы Буддизм тарихында алатын елеулі рөлі талқыланатын болады. Қазіргі таңдағы көпконфессиялық еліміздің тарихи-мәдени болмысы үшін осындай ескерткіштерді зерттеудің маңызы мен өзектілігі, оларды сақтау және жарнамалау мәселесі өте өзекті болып келеді.

2016 жылы «Сибинка көлдерінің туристік кластерін дамыту» бағдарламасын іске асыру барысында «Аблайкит археологиялық мұражай-қорығын құру (Ұлан ауданы)» жобасы қолға алынды. Бастаманың мақсаты бойынша археологиялық кешенді зерттеу жұмыстары кең ауқыммен жүргізілген, бұл жердің аймақ тарихына ерекше назар аудартатын туристік объектке айналуы әбден мүмкін.

Аблайкит кешенді ғибадатханасы Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Өскемен қаласынан 60 шақырым оңтүстікке қарай Аблакетка өзенінің аңғарында орналасқан. 1654 жылы бұл ғибадатхананы Жоңғар хандығынан шыққан Аблай тайшы салдырды. Сондықтан ол «Аблайкит» («Аблай» – тайшының аты, ал «кит», дұрысы: «хийд» – моңғолша ғибадатхана деген мағынаны білдіреді) деп аталды [1, 546]. Тікелей аудармасы: «Аблай салдырған ғибадатхана», «Аблай ғибадатханасы» деген ұғымды білдіреді.

Өкінішке орай, қазіргі таңда біз ескерткіштің қирандыларын ғана көре аламыз. Ғибадатхана мен қосымша құрылыстардың өзінен тек қана іргетас пен тұрмыстық және діни жоралғыларға арналған заттар